

Астана қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ

Ата-аналарға арналған кеңес

"Дидактикалық ойын түрлері және бала өміріндегі  
маңызы"

Орындаған: Аппазова Ж. С.

Астана қаласы

## "Дидактикалық ойын түрлері және бала өміріндегі маңызы"

Дидактикалық ойын балалардың өмірінде маңызды орын алады. Ол балалар ағзасының табиғи жағдайы, қажеттілігі, қарым-қатынас құралы және балалардың бірлескен іс-әрекеті болып табылады. Ойын жағымды, эмоционалдық фон жасайды, онда барлық психологиялық процестер белсенді өтеді.

В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы түсінігін ұштастырады», - деген екен.

Дамыту ойындары мен дидактикалық ойындардың міндеті:

- ❖ Білім деңгейі мен дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу және тәрбие ұштасады.
- ❖ Ойната отырып жаңа білімді меңгертеді.
- ❖ Танымдық қызметі мен ой-өрісі кеңейеді.
- ❖ Оқушының өзіне деген сенімі артады, оқуға деген қызығушылығы, белсенділігі дамиды.
- ❖ Оқушыларды адамгершілікке, бір-бірін сыйлай біліп, көмектесуге үйретеді.

*Ойын түрлерінің жіктелуі:*

- грамматикалық;
- психологиялық;
- тірек-сызбалар;
- логикалық;

Грамматикалық ойындар

Оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Синтаксистік, морфологиялық талдаулар үдерісі үздіксіз дамып отырады. Сонымен қатар фонетикалық заңдылықтарды да еркін меңгере алады. Олардың қатарына: 1) әріптік, буындық кестелер; 2) диктант түрлері; 3) жаттығу түрлері; 4) шығарма, мазмұндамалар; 5) әңгіме, мәтін құрастыру; 6) сөздіктер.

Психологиялық ойындар – көбіне таныс емес тақырып кездескенде сұрақ қою арқылы ойналады. Ол оқушылардың ой-пікірлерін бөлісуге, маңызды мәселелерді шешуге, материалдарды қалай түсінгендерін ашық айта білуге септігін тигізеді. Олардың қатарына: 1) психологиялық сынау, сауалнамалар; 2) сурет салу, құрастырулар; 3) пікірталастар; 4) сұрақ – жауаптар; 5) сөздіктер (диалог, монолог).

Тірек сызба ойындар – бұл ойындар атынан көрініп тұрғандай көбіне сызу, суреттеу, жобалау, эскиздеу болып табылады. Ойын грамматикалық ойынмен тығыз байланысты. Олардың қатарына:

- ойықжазбалар;
- суретті жұмбақтар;
- сөзжұмбақтар, аннаграммалар;
- суретпен бейнелеулер жатады.

Логикалық ойындар – оқушылардың ой-өрісін, тіл, сөз байлығын кеңейтеді. Ойын ойланғыштыққа, іздеп-тапқыштыққа, тапқыштыққа, шапшаңдылыққа, жауапкершілікке итермелейді. Ойын ойлау шеңбері арқылы жүзеге асады. Сондықтан көбіне сұрақ-тапсырмалар арқылы беріледі. Олардың қатарына: 1) жұмбақтар; 2) логикалық сұрақ-тапсырмалар; 3) лездік тапсырмалар; 4) әрі қарай жалғастырулар т. б. жатады.

Дидактикалық ойындар біртіндеп күрделенуі керек. Мысалы, заттарды тануды алдымен сыртқы түрі бойынша, содан кейін сезіне отырып, сипаттама бойынша және соңында жұмбаққа қойылған сұрақтарға жауап бойынша жүргізу керек.

Отбасы - бұл бала өмір сүріп қана қоймай, оның адамгершілік қасиеттері, адамдармен қарым-қатынасы, идеялары мен қоршаған әлемге деген қызығушылығы қалыптасатын микроқоғам. Дәл отбасында баланың одан әрі дамуын және оның танымдық және әлеуметтік мүмкіндіктерін айқындайтын жағдайлар жасалады. Л.С. ұстанымын еске түсіру керек. Выготский баланың дамуының әлеуметтік жағдайын ересектер анықтайды және ұйымдастырады. Бұл процестің ең маңызды доминанттары, бір жағынан, мұғалімдер, екінші жағынан, ата-аналар.